

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

өзгерістер мен толықтырулармен) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37260142#activate\\_doc=2;](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37260142#activate_doc=2;)  
6. Жаңа деректер еңбек нарығындағы гендерлік алшақтықтарға жарық береді // [https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---stat/documents/publication/wcms\\_870519.pdf;](https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---stat/documents/publication/wcms_870519.pdf)  
7 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51005029#activate\\_doc=2;](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=2;)  
8. Аналитический доклад «Трудовое законодательство Республики Казахстан и международные стандарты» // [https://bureau.kz/wp-content/uploads/2021/02/doc-trade-kz.pdf.](https://bureau.kz/wp-content/uploads/2021/02/doc-trade-kz.pdf)

УДК 351/354

## «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ»

**Наурызхан Сұлтан Жарасханұлы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

[nauryzhansultan@gmail.com](mailto:nauryzhansultan@gmail.com)

Ғылыми жетекшісі

з.ғ.д., профессор Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович

Жасанды интеллекттің заманауи қарқынды дамуы құқықтық қоғамдастыққа жаңа талаптар қояды. Бұл процесс заңгерлік практикаға айтарлықтай әсер етеді, заңгер мамандығының өзін және тұтастай алғанда құқықтық жүйенің құрылымын өзгертеді. Заң саласындағы ғалымдар мен практиктер бірқатар сұрақтарға тап болуы керек: жасанды интеллект заңгерлік мамандықтың болашағына қалай әсер етеді? Жасанды интеллектті заң практикасында қолдану кезінде қандай ерекшеліктер мен қиындықтар туындайды және бұл заң шығару процесіне қалай әсер етеді? Жаңа технологиялар, соның ішінде робототехника құқық саласындағы мамандардың белгілі бір санаттарын алмастыра ала ма? Заң саласында жасанды интеллектті қолдану қаупі қандай?

Құқық саласындағы сарапшылар бұл тақырыпты талдай бастады. Заңгерлер мен заң ойшылдары өз пікірлері мен тұжырымдарымен бөліседі. Әйгілі американдық заңгер Уильям Дуглас атап өткендей, "жасанды интеллект құқықтың мәнін өзгертпейді, бірақ ол біз түсінетін және қолданатын жолдарды өзгертеді". Бұл дәйексөз жасанды интеллект құқық саласындағы жұмыс әдістерін қалай өзгерте алатынын түсінудің маңыздылығын көрсетеді. Сондай-ақ, даму перспективаларын қарастыра отырып, Ричард Саскинд "жасанды интеллект заңгерлерді алмастырмайды, бірақ жасанды интеллектті қолданатын заңгерлер олай етпейтіндерді ауыстырады" дейді. Бұл дәйексөз кәсіби қызметте жаңа технологияларды бейімдеу және пайдалану қажеттілігін көрсетеді.

Әлемдік тәжірибені талдау көрсетіп отырғандай, әр елде жасанды интеллектті реттеу қажеттілігі туралы мәселе құқықтық жүйенің ерекшеліктерін мен сипатын ескере отырып, әр түрлі жолдармен шешіліп келеді. Кейбір елдерде жасанды интеллект (Қытай) саласындағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды, жасанды интеллект (АҚШ) саласындағы зерттеулер мен әзірлемелердің стратегиялық жоспарларын жасаумен шектеледі, ал басқа елдерде - нормативтік құқықтық актілерді, стандарттарды қабылдау арқылы жасанды интеллектті нормативтік-құқықтық реттеу әрекеттері жасалуда. Кейбір елдерде реттеуге эксперименттік тәсілдер дайындалуда (ашық үкімет тәсілдерін пайдалану, бизнес-қауымдастықтар мен азаматтық қоғам өкілдерін тарта

отырып нормативтік-құқықтық актілерді талдау, қабылданған актілердің тиімділігіне мониторинг жүргізу және т.б.). Әлемде жасанды интеллектті әзірлеу және пайдалану тәртібін реттейтін кешенді нормативтік актілер әлі де жоқ деуге болады [1].

Бұл мақалада біз жасанды интеллект заманауи заң тәжірибесін қалай өзгертетінін және заңгерлер бұл өзгерістерді өз пайдасына қалай пайдалана алатынын қарастырамыз.

Нәтижелер және талқылау

Бүгінгі күнге дейін «мықты» жасанды интеллект деп аталатын нәрсені жасау фактісі тіркелмеген, ол әдетте адаммен байланысты осы сөзді түсінуге қабілетті. Шахмат ойнаудан бастап музыкалық шығармалар мен картиналар жасауға дейінгі жеке мәселелерді шешуге қабілеті бар әр түрлі интеллектуалды бағдарламалар бар. Бірақ бүгінгі күнгі барлық бағдарламаларды тек шартты түрде интеллектуалды деп атауға болады («әлсіз» жасанды интеллект), өйткені олардың қызметі айтарлықтай шектеулі болып келеді [2].

Аталған мәселе құқықтық қоғамдастықта белсенді түрде талқылануда: Пікірлер технологиялық инновацияларға консервативті көзқарастан бастап, жасанды интеллектті заң практикасында қолдану мүмкіндігінде жағымды әсерлерді жеткілікті түрде қабылдауға және болжауға дейін жалғасып жатыр. Жалпы алғанда зерттеуші А.А.Соколова осы мәселе бойынша келесідей ұсыныстар жасайды:

- жалпы құқықтанудың дамуына қауіп ретінде;

- заң ғылымының жекелеген элементтерінің жаңа сапасын анықтайтын ноу-хаудың бірі ретінде;

- құқықтануға жаңа модернизация әкелетін қазіргі заманғы технология ретінде [3]

А.А.Соколованың пікірінше құқықтық салада жасанды интеллектті қолданудың а) техникалық-құқықтық операциялардың белгілі бір түрлерін компьютерлік автоматтандыру арқылы және б) «машинаның» өзі анықтайтын мақсаттар мен міндеттерді қоюды көздейтін жасанды интеллектті қолдану сияқты екі мүмкін бағыты бар.

П.М.Морхат шетелдік құқықтық әдебиеттерге талдау жасай отырып, осы сала бойынша жасанды интеллектті қолданудың келесі бағыттарына назар аударады:

- жасанды интеллект жүйелерінің көмегімен, оның ішінде сот практикасы негізінде құқықтық негіздемелерді модельдеу (ол үшін жүйені құқықтық пайымдаудың белгілі бір негізгі аспектілерін түсінуге үйрету керек);

- заң практикасы немесе зерттеулер аясында қолданылатын жасанды интеллектпен жұмыс жасайтын есептеу құралдарын жасап шығару (атап айтар болсақ, тиісті сот шешімдерін іздеу және нақтылау, оларды сұрыптау, саралау, сот актілерінің тарихи маңыздылығын талдау мақсатында);

- шешімдер қабылдап, қорытындылауға жәрдемдесу (мәселен, мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық басқаруларда);

- құқықтық ақпаратты жинау, топтау және интеграциялау;

- белгіленген салаларда қабылданған шешім салдарын болжай алу;

- болжамды талдау негізінде сот практикасындағы істің нәтижесін болжау;

- стандартты заңды құжаттарды, сондай-ақ шарт нысандарын дайындау;

- құқықтық өзіне-өзі көмек көрсетудің интернет-порталдарын құру.

Д.О.Мак, Гиннис және Р.Дж.Пирс жақын болашақта жасанды интеллекттің әсерінен айтарлықтай өзгертін заң қызметінің бес саласын құрастырды: 1) істің мән-жайлары бойынша мәлімет іздеу; 2) прецеденттерді іздеу; 3) құжаттарды жасау; 4) іс материалдарын әзірлеу; 5) істің нәтижесін болжау. Сонымен қатар қазірдің өзінде компьютерлік технологиялар заңгерлерге айтарлықтай бәсекелестік тудырып отыр және олардың монополиясына нұқсан келтіреді. Ірі қаржы компаниялары компьютерлік заң қызметтерін ұсынады, дегенмен экономикалық тұрғыдан алғанда маңызды әзірлемелер жоғарыда аталған бес бағыттың үшеуінде ғана бар – бұл прецеденттерді іздеу, істің мән-жайлары туралы мәлімет іздеу және құжаттарды рәсімдеу [4].

Алайда жасанды интеллектті қолдану процесінде, соның ішінде заң практикасында бірқатар мәселелер пайда болуы мүмкін, олардың ішінде П.М.Морхат төмендегілерді көрсетеді:

- жасанды интеллект жүйелерін стандарттау мәселелері; - лицензиялау мәселелері;
- жеке мәліметтер мен жеке ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету мәселелері;
- кәсіби этика нормаларын сақтауды қамтамасыз ету мәселелері.

Осындай проблемалардың бірі ретінде жасанды интеллектті заң практикасында қолдану саласындағы нормативтік - құқықтық актілердің болмауын айтуға болады.

А.А.Соколованың пікірінше жасанды интеллектті енгізуге ең «осал» құқықтанудың екі негізгі саласы бұл – сот практикасы және заңды жобалау қызметі. Судьяның негізгі міндеті бейтараптық пен объективтілікті сақтай отырып, қарастырылып отырған іс-әрекетті кәсіби түрде саралау, ол заңның белгілі бір нормасына жатады ма, жоқ па деген мәселенің шешімін табу болып табылады. Бұл тұрғыда сот шешімін қабылдау процесі берілген бағдарламаға ұқсас алгоритм: кейде ерекше күрделі өмірлік сызбасы бар нақты оқиға әдеттегі жағдайларды реттеуге бейімделген жалпы құқықтық нормамен біріктірілуі керек.

А.А.Соколова сот практикасында жасанды интеллектті қолдану перспективасын екі бағыт бойынша қарастырады: әлемдік тәжірибеде бұрыннан қолданылып жүрген және тұрақты дами алатын нәрсе - судьяларды жасанды интеллект функцияларында бағдарламалауға болатын типтік, техникалық-құқықтық жұмыстан босату. Мысалы, Американдық зерттеушілер АҚШ Жоғарғы сотының шешімдерін болжауға арналған модель жасады. Осы модельдің көмегімен жасанды интеллект 28000 істің 70,2% нәтижесін дұрыс болжады, ал жеке судьялардың шешімдерін машина жүйесі екі ғасырға жуық уақыт ішінде (1816-2017) 240 000 судьяның 71,9% жағдайда дұрыс болжады. Дегенмен бүгінгі күнге дейін жасанды интеллект технологияларының ешқайсысының толықтай болжауға қауқары жоқ.

А.А.Соколованың пікірінше заң жобасын жасау кезінде жасанды интеллект заң жобалау қызметіне, оның ішінде заң техникасының қажеттіліктеріне қызмет ететін құрал ретінде; құқықтық актілер жобасын әзірлеу процесіне қатысатын робот-заң шығарушы ретінде қолданылуы мүмкін. Зерттеуші Н.Глебов ойынша оптимистік тұрғыдан заң шығарушы робот «адами факторлардың қатысуынсыз дұрыс заңнамалар жасауға және қателіктерді түзетуге» қабілетті деп санайды. Біздің ойымызша жасанды интеллекттің көптеген міндеттерді шешу, ақпараттың барлық түрін өңдеу қабілеті сияқты артықшылықтарын ескере отырып, оны қайталануларды, олқылықтарды, қайшылықтарды жою және заңнама салаларын жүйелеу мақсатында мониторинг арқылы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру үшін қолданған жөн.

Қазақстандық авторлардың пікірінше, құқықтық қызмет саласында жасанды интеллектінің қолданылуына осы салада пайдаланылатын көптеген құжаттардың бастапқы мазмұны, реттелген және біркелкі құрылымның болмауы кедергі келтіреді деп есептейді. Сондықтан да көп жағдайда, құжаттар бастапқы түрінде жасанды интеллект жүйелері арқылы өңдеуге жарамайды, ал жасанды интеллекттің қолданылуы адамның тікелей қатысуынсыз жүрмейді. Осы жерде айта кететін жайт, болашақта құқықтық саланы цифрландырудың өсуімен және жасанды интеллекттің интеллектуалдық деңгейінің дамуымен бұл жағдай өзгеруі мүмкін [5].

Тәуекел жүйесі

Еуропа Одағы тәуекелдерді бағалау негізінде AI жүйелерінің 4 санатын енгізеді:

1. Жол берілмейтін тәуекел. Бұл топқа, мысалы, адамдарды биометриялық сәйкестендіру және санаттау, жұмыс орнындағы адамның эмоциясын тану немесе әлеуметтік рейтинг жүйесі, яғни әлеуметтік бағалау кіреді.

2. Жоғары тәуекел. Жоғары тәуекел. Бұл топқа әртүрлі жасанды интеллект жүйелері кіреді. Мысалы, жасанды интелекет инфрақұрылымды, әсіресе көлікті пайдалану және азаматтардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар не емтихандарды бағалау сияқты білімге қол жеткізуге әсер етуі мүмкін жағдайларда білім беру үшін қолданылатын жасанды интелект жүйесін пайдаланды. Жұмысқа үміткерлерді іріктеу

кезінде түйіндемелерді бағалау үшін қолданылатын ЖИ, роботтық хирургияда қолданылатын ЖИ сияқты жоғары қауіпті жүйелер санатына жатады. Заңнаманың көп бөлігі жасанды интеллект жүйелерінің осы санатын реттеуге арналған.

3. Шектеулі тәуекел.Егер ашықтық талаптары орындалмаса, жасанды интеллектті пайдалану шектеулі тәуекел ретінде қабылданады. Заң ашықтықты қамтамасыз ету үшін арнайы талаптарды енгізеді, оның мәні адамдарды ЖИ мен өзара әрекеттесуі туралы хабардар ету және сенім деңгейін арттыру болып табылады. Мысалы, егер сіз чатботты қолдансаңыз, адамның машинамен сөйлесіп жатқанын хабарлауыңыз керек. Жасанды интеллект арқылы жасалған мазмұн жасанды түрде жасалған деп белгіленуі керек. Дәл осындай талаптар Deepfake көмегімен жасалған аудио және бейне мазмұнына да қатысты.

4. Минималды (немесе жоқ) тәуекел. Ақырында, заң ЖИ ең аз тәуекелмен тегін пайдалануға мүмкіндік береді. Бұған, мысалы, жасанды интеллект қолдайтын бейне ойындар мен спам сүзгілері кіреді. Еуропалық Комиссия қазіргі уақытта ЕО-да қолданылатын жасанды интеллект жүйелерінің көпшілігі осы санатқа жататынын бөлек атап көрсетеді.

Реттеудің мәні

Тәуекелге бағдарланған тәсілді іске асыру үшін заң келесі ежелерді көздейді:

- Қолайсыз тәуекелдер тудыратын ЖИ жүйелеріне тыйым салу немесе тек ерекше жағдайларда, сот шешімі бойынша құқық қорғау мақсатында пайдалануға рұқсат ету. Мысалы, жоғалған баланы іздеу үшін нақты уақыт режимінде беттерді тану;

- Жоғары қауіпті ЖИ жүйелерінің тізімін анықтайды және оларды әзірлейтін және енгізетін жүйелер мен компанияларға нақты талаптар қояды. Талаптардың ішіндетәуекелдерді бағалаудың міндетті жүйесі және сәйкестік, ЖИ оқытылатын деректер жиынтығының Жоғары сапасы, пайдалануды хаттамалау, осындай ЖИ жүйелерінің қызметін адамның ақылға қонымды қадағалауы және тәуекелдерді азайтуға бағытталған басқа да шаралар жатады;

- Жоғары қауіпті ЖИ жүйелері пайдалануға берілмес бұрын немесе нарыққа шығар алдында сәйкестікті бағалауды қажет етеді

- Тәуекелі шектеулі ЖИ жүйелері үшін ашықтық талаптарын анықтайды

- Минималды тәуекелмен ЖИ реттеуінен толығымен алып тастайды.

- Заң жалпы мақсаттағы ЖИ (GPAI) провайдерлері үшін міндеттерді бөлек бөледі:

- GPAI үлгілерінің барлық жеткізушілерітехникалық құжаттаманы,үлгініпайдаланубойыншанұсқаулықтықамтамасызетеді,авторлық құқық туралызаңдардысақтайдыжәне ЖИ оқыту үшінпайдаланылатынмазмұндыжариялайды;

- Ашық немесе Жабық-жүйелік тәуекелдерді білдіретін барлық GPAI модель провайдерлері модельді бағалайды, ЖИ модельдеріндегі маңызды оқиғаларды бақылайды және есеп береді, сондай-ақ киберқауіпсіздіктің әсерін бақылайды.

Заңда белгіленген нормаларға сәйкес келмегені үшін €35 млн немесе жаһандық айналымның 7% дейін ірі айыппұлдар белгіленеді

Заң нені реттейді

Жарты жыл ішінде Еуропалық Одақ елдері заңға тікелей тыйым салынғанын анықтау тәжірибесіне тыйым салуы керек. Олардың ішінде компанияларға пайдаланушылардың пікірлері мен шешімдерін, мысалы, жасын, денсаулық жағдайын және экономикалық жағдайларын бақылауға мүмкіндік беретін технологиялар бар. Сондай-ақ, пайдаланушының биометрикасы мен компьютердің мінез-құлқына қарай жіктелген өнімдерге адамның мінез-құлқына, атап айтқанда "профильдеуге", яғни бұрынғы мінез-құлқына немесе басқа сипаттамаларына сүйене отырып, қылмыс жасау ықтималдығын болжай білуге тыйым салынады.. Сондықтан іс жүзінде заң азаматтарды "әлеуметтік бағалауға" тыйым салады.Осы жылдың бірінші жартыжылдығында Интернеттегі адамдардың фотосуреттерін жаппай сканерлеуге және бақылау камераларының деректерін пайдалана отырып жасалған бетті тану жүйелерін сатуға тыйым салынуы керек. Тыйым салынған нәрсе мыналар:

- Құқық қорғау органдарына арналған ерекшеліктер

Биометриялық жүйелерді қолдануға қатаң тыйым салынғанына қарамастан, құқық қорғау органдарына олар толық тізімде және тар анықталған жағдайларда тиісті әдістерге жүгінуге рұқсат етіледі. Сондықтан SBI-ді нақты уақыт режимінде пайдалану шектеулі уақыт немесе географиялық ауқым сияқты қатаң қауіпсіздік шараларына сәйкес және тек арнайы алдын ала сот немесе әкімшілік рұқсат негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай пайдалану, мысалы, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды мақсатты түрде іздеуді немесе террористік актілердің алдын алуды қамтуы мүмкін.

- Басқа елдердегі заңнама

Еуропалық Парламент қабылдаған заң әлемде бірінші болып табылады. Бірақ "жасанды интеллект" деп аталатын реттеу әртүрлі елдерде талқылануда. Мәселен, Ресейде Мемлекеттік Думаның Ақпараттық Саясат Жөніндегі Комитетінің төрағасы Александр Хинштейн заңда "терең жалғандық" ұғымын бекіту туралы мәселені бірнеше рет көтерді, яғни жалған бейнелер мен кескіндерді жасау үшін нейрондық желілерді пайдалану. 2024 жылдың қаңтарында АҚШ Конгресі жалған фотосуреттер мен бейнелер жасауға тыйым салатын заңның қабылдануын да талқылай бастады. Егер ол қабылданса, олардың келісімінсіз нақты адамдардың жасанды бейнелерін немесе дауыстарын жасаған азаматтар жазалануы мүмкін [6].

### III. Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, енді заң саласындағы жаңа технологияларды дамытудың келесі бағыттарын бөліп көрсетуге болады: күнделікті заң қызметтерін Автоматтандыру, қызмет алушыларға арналған онлайн-заң қызметтерін дамыту, сот жүйесін онлайн-формаға көшіру, жасанды интеллект элементтерін заң шығару қызметін, құқық қорғау органдарын және құқықтық тәрбиені қоса алғанда, ережелер жасау процесіне енгізу. Жасанды интеллект технологиясының қарқынды дамуы заң қоғамдастығында жаңа проблемалар туғызды және жалпы заң практикасының, құқықтану мен құқықтанудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Біздің ойымызша, жасанды интеллекттің дамуы мен қолданылуы заң практикасы мен мамандығына айтарлықтай әсер етеді. Жаңа еңбек жағдайларына бейімделе алатын және күрделі стандартты емес міндеттерді шеше алатын тамаша заңгердің рөлі қоғамда маңызды болып саналады. Осыған орай жасанды интеллекттің мүмкіндігін қоғамға немесе жеке тұлғаға зиян келтіру мақсатында қолданған тұлғаларды заңмен шектеу мақсатында Қылмыстық кодекске келесі заңдарды енгізуді ұсына аламыз:

Тарау. Жасанды интеллект көмегімен жасалатын құқық бұзушылықтар

1-бап. Тұлғаның биометрикасын пайдаланып жалған видео немесе фото ақпараттар тарату

1. Жасанды интеллект мүмкіндігін пайдаланып адамның түр әлпетін, дауысын жасанды түрде қайталап жасалған видео ақпараттарды тұлғаның рұқсатынсыз тарату

– бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

2. Интернет желісін, бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып қасақана адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде қорлауға бағытталған дәл сол іс әрекет

– екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады және жасалған іс әрекетінің тұлғаға тигізілген зиянына орай 2 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

2-бап. Тұлғаның биометрикасын жасанды түрде қайталап, жалған ақпаратты қолданып бопсалау (шантаж)

1. 1-бапта көрсетілген іс әрекетті, яғни тұлғаның биометрикасын жасанды интеллект көмегімен қайталап, жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді тарату қатерін төндіріп, электрондық жеткізгіште

сақталатын, ақпараттық жүйеде қамтылатын немесе телекоммуникациялар желісімен берілетін, заңмен қорғалатын ақпаратты беруге мәжбүрлеу немесе ақша талап ету–

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 3 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) адамға немесе оның жақындарына психологиялық түрде күш қолданумен ұштасқан;

2) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

3) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінен ақпарат алу мақсатында жасалған дәл сол іс-әрекет –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға және жәбірленушінің отбасына тигізген зардабын толықтай өтеуге жазаланады.

3-бап. Саяси қызметкерлердің биометрикасын қайталау арқылы жасалған қылмыс

1. Саяси қызметкерлердің биометрикасын, яғни бейнесі мен дауысын жасанды интелекет арқылы қайталап, интернет немесе бұқаралық ақпарат желілеріне еліміздің тыныштығын бұзатын немесе абыройына зақым тигізетін, халықтың арасында дау туғызатындай провокациялық видео ақпараттар тарату –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 5 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, 5 мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не мың жарым сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;

3) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 5 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, 5 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 7 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, 7 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4-бап. Мемлекет президенттінің биометрикасын қайталау арқылы жасалған қылмыс

Мемлекет басшысының биометрикасын жасанды интелекет арқылы қайталап, интернет немесе бұқаралық ақпарат желілеріне еліміздің тыныштығын бұзатын немесе абыройына зақым тигізетін, халықтың арасында дау туғызатындай, басқа мемлекеттермен



бейбіт қарым қатынасымызды бұзатын, провокациялық, және халықты шереуілге шақыратындай қасақана жасалған видео ақпараттар тарату -

3-бапта көрсетілген жазадан үш есе үлкен жаза және мемлекетке тигізген зардабына орай он жылдан отыз жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы және террористік немесе билікті жаулап алу мақсатында жасалған әрекет болса өмір бойына дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады.

5-бап. Жасанды интеллектті алаяқтық мақсатында қолдану

1. Жасанды интеллект арқылы әлеуметтік желілерде алаяқтық, алдау және заңсыз пайда табу үшін дауысын немесе сыртқы түрін өзгерту арқылы жасалған іс әрекет –

мүлкі тәркіленіп, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;

3) ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен;

4) мемлекеттік сатып алу саласында жасалған алаяқтық –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Мынадай:

1) ірі мөлшерде;

2) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса немесе өзінің қызмет бабын қандайда бір онлайн алаяқтық жасаушы адамға көмекке пайдаланса;

3) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

4) бірнеше рет жасалған алаяқтық –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан алты жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал 2) тармақта көзделген жағдайларда мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жымқырылған мүліктің он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

1) қылмыстық топ жасаса;

2) аса ірі мөлшерде жасалса, –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, ал осы баптың үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген жағдайларда белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Алаяқтық үшін жасанды интеллектті пайдаланумен байланысты қылмыстарды ашуда құқық қорғау органдарымен ынтымақтасқан адамдар жазаны анықтау кезінде жеңілдететін мән-жаймен қаралуы мүмкін.

Қорытындылай келе жасанды интеллект арқылы жасалған құқық бұзушылықтар туралы ұсынылған мақалалар құқықтық реттеудегі маңызды және тез дамып келе жатқан саланы көрсетеді. Мұндай заңнамалық бастамалар инновациялар мен жеке қауіпсіздік арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ете отырып, цифрлық дәуірде адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажеттілігін көрсетеді. Бұл мақалада цифрлық қауіп-қатерлерге тосқауыл қою үшін заңнаманы үнемі жаңартып отыру, сондай-ақ халық арасында техникалық және құқықтық сауаттылықты дамыту талап етілетінін айғақтайды. Цифрлық қылмыстармен күресу үшін елдер арасындағы халықаралық ынтымақтастық пен ақпарат алмасуға жәрдемдесу де маңызды. Жаһанданған ақпараттық қоғам дәуірінде мұндай құқықтық нормалар жеке тұлғаны құрметтеуге және цифрлық кеңістіктегі теріс қылықтардың алдын алуға кепілдік беретін тұрақты және қауіпсіз ортаны құруда шешуші рөл атқарады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жалтырбаева Рауан Серікбайқызы «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАҢ ПРАКТИКАСЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТАНУ МАМАНДЫҒЫНА ӘСЕРІ» 2022ж, 239б
2. Тлембаева Ж.У. О некоторых подходах к правовому регулированию искусственного интеллекта // Вестник института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. – 2021. - №2. – С.61-74. [Электронный ресурс]. URL: [https://zqai.kz/sites/default/files/tlembaeva\\_zh\\_u.pdf](https://zqai.kz/sites/default/files/tlembaeva_zh_u.pdf)
3. Соколова А.А. Искусственный интеллект в юриспруденции: риски внедрения // Юридическая техника. - 2019. - № 13. - С. 350-356. [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/iskusstvennyu-intellekt-v-yurisprudentsii-riski-vnedreniya> (дата обращения: 07.05.2023), 352-б.].
4. Д.О.МакГиннис, Р.Дж.Пирс. Великий подрыв: как искусственный интеллект меняет роль юристов в оказании юридических услуг// Актуальные проблемы экономики и права. - 2019. - Т. 13. - № 2. - С. 1230-1248. (For citation of Russian version: McGinnis J. O., Pearce R. G. The Great Disruption: How Machine Intelligence Will Transform the Role of Lawyers in the Delivery of Legal Services, Actual Problems of Economics and Law, 2019, vol. 13, No. 2, pp. 1230- 1250. DOI: [http://dx.doi.org/10.21202/1993-047X.13.2019.2.1230-1250
5. Глебов И.Н. Искусственный юридический разум //Сетевой научный юридический журнал «Гуманитарное право». - 2018. URL: [Электронный ресурс]. URL: <https://humanlaw.ru/9-article/26-artificial-intelligence.html>. (дата обращения: 07.05.2023)
6. Темірбеков Ж.Р. Құқық пен жасанды интеллект арақатынасы: кейбір зерттеулер // Право и государство. - № 2 (95). - 2022. - 83-99б. [Электронный ресурс]. URL: <https://km.kazguu.kz/uploads/files/6%20%D0%A2%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D1%80%D0%B1%D0%B5%D0%BA%D0%BE%D0%B2%20%D0%96.%D0%A0..pdf> (дата обращения: 21.05.2023)].